

Сабақтың тақырыбы:

Химиялық зақым ошағы мен күшті әсер ететін улы заттар ошақтарындағы санитарлық дружина жұмысы

Сабақтың мақсаты:

- Химиялық қару туралы жалпы мағлұмат беру
- Улағыш заттардың жіктелуімен таныстыру
- Зақым ошақтарындағы санитарлық дружинаның жұмысымен таныстыру

- **Химиялық қару** – ұрыстық қолданылуы құралдарымен бірліктегі улағыш заттар.

УЛАҒЫШ ЗАТТАР – өздерінің
физика – химиялық қасиеттері
мен жоғары биологиялық
белсенділігі арқасында қару
ретінде , адамдарды, өсімдіктер
мен жануарлар әлемін қырып –
жоюға қолданылуы мүмкін уға
арналған химиялық
құрамалардың арнайы тобы.

Химиялық қаруды қолдану мақсаттары:

- 1. Уақытша қатардан шығару
- 2. Жою
- 3. Адамдарды тірі роботқа айналдыру
- 4. Өндірістік процестерді тоқтату үшін пайдалану.

Улағыш заттарды жіктеу

УЗ топтары	УЗ құрамына кіретін химиялық заттар
Жүйке жансыздандыратын	Зарин, зоман, В- газдары
Тері-іріңдік	Иприт, люприт
Тұншықтырғыш әрекетті	Фосген, дифосген
Жалпы уландырғыш әрекетті	Хлорциан, синил және лизерген қышқылы
Уақытша қатардан шығару	Маскалин
Тітіркендіргіштік әрекетті	Хлорпикрин, хлорацетофенон

- **Химиялық зақым ошағы дегеніміз** – улағыш заттар әсеріне ұшыраған әр түрлі құрылыстар, азық – түлік және шикізат қорлары, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, тұрғын халқы бар аумақ

- **КҮШТІ ӘСЕР ЕТЕТІН УЛАҒЫШ ЗАТТАР** – (КӨУЗ) бұл белгілі бір мөлшерде адамдарға , жануарлар мен өсімдіктер әлеміне зақымдағыштық әсер ете алатын химиялық құрамалар

КҮШТІ ӘСЕР ЕТЕТІН УЛАҒЫШ ЗАТТАР УЫТТЫЛЫҒЫ ЖАҒЫНАН ТӨМЕНДЕГІШЕ ЖІКТЕЛЕДІ

- 1 класты – өте қауіпті ;
- 2 класты – жоғары қауіпті;
- 3 класты – орташа қауіпті;
- 4 класты – аз қауіпті.

Күшті әсер ететін улағыш заттар тұрақтылығы мен зақымдаушы әсерінің басталуына байланысты төмендегіше жіктеледі:

- 1.тез әсер ететін тұрақсыз;
- 2.жай әсер ететін тұрақсыз;
- 3.тез әсер ететін тұрақты;
- 4.жай әсер ететін тұрақты;
- 5.жартылай тұрақты



Медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі негізгі іс-шаралар

- Химиялық қаруға қарсы қорғаныс іс-шараларын жүргізу.
- Мейлінше тығыз уақытта алғашқы жәрдем көрсету.
- Ошақ сыртына көшіру.
- Тұрақты КӘУЗ – бен зақымданғандарды санитарлық өңдеу.
- Ошаққа алғашқы дәрігерлік көмекті жақындату және арнайы медициналық көмекті ұйымдастыру.

Зақым ошақтарына санитарлық дружинаны енгізу

- Санитарлық дружина дегеніміз - Азаматтық қорғаныстың медициналық күштерінің құрамына кіретін құрылым.
- Санитарлық дружинаның мақсаты зақымданушыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету





23-сурет. Жеке адамға арналған химияға қарсы пакеттегі (ИПП) сұйықтығымен терінің ашық бөлігін дегазациялау.